Жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі
«ТАЛАНТ-К»
Медициналық колледжі
Қазақстан Республикасы, пошта индексі: A01E1P6
(050065), Алматы қаласы, Алатау ауданы,
«Шанырақ - 1» ықшам ауданы, 28 үй

Товарищество с ограниченной
ответственностью
Медицинский колледж
«ТАЛАНТ-К»
Республика Казахстан, почтовый индекс: A01E1P6
(050065), город Алматы, Алатауский район
микрорайон «Шанырак -1», дом 28

**«БЕКІТЕМІН»**
**Колледж директоры**
**Карткожанова К.Т.**
**_____________**
**«31» 08 2022 ж**

# СТУДЕНТТІК ПАРЛАМЕНТ ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРЫ

**Алматы 2022 жылы**

## Мазмұны

1. Жалпы ережелер
2. Негізгі міндеттері
3. Студенттік парламент қызметінің қағидалары
4. Студенттің парламенттің өкілеттіктері
5. Студенттік парламент қызметін ұйымдастыру және қалыптастыру
6. Қорытынды ережелер

## 1. Жалпы ережелер

1.1. Студенттік парламент ЖШС "ТАЛАНТ-К" медициналық колледжі студенттік өзін-өзі басқарудың тұрақты жұмыс істейтін атқарушы органы.
1.2.Студенттік парламент қызметінің мақсаты- білім беру процесінде студенттік өзін-өзі басқару мүмкіндіктері жағдайын іске асыруды қамтамасыз ету болып табылады.
1.3.Қазақстан Республикасының "Білім туралы" заңына сәйкес ЖШС "ТАЛАНТ-К" медициналық колледжі Жарғысымен студенттік парламент құрылып, жұмыс істейді және осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

## 2. Негізгі міндеттері

Студенттік парламент негізгі міндеттері болып табылады:
2.1.Студенттік өзін-өзі басқару жүйесін дамыту; студенттік ұжымының басқару процестерін жандандыру;
2.2.Студенттік өзін-өзі ұйымдастыру органдарының өзара іс-қимыл тиімділігін арттыру;
2.3.Білім беру процесінің шеңберінде студенттердің құқықтарын қорғау, студенттік мүдделерін қорғау және ұсыну;
2.4. Студенттердің белсенділігін, жауапкершілігін дамыту;
2.5 ЖШС "ТАЛАНТ-К" медициналық колледжі және оның шегінен тыс қоғамға қарсы пиғылы көріністеріне төзбеушілік, парасаттылық негіздерін, адамгершілік негіздерін қалыптастыру;
2.6.Студенттік мәселелерді қоюға және шешуге қабілетті беделді, сауатты, әлеуметтік тәжірбиелі студенттер активін құру.

## 3.Студенттік парламент қызметінің принциптері

Студенттік парламент өз қызметінде мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:
3.1.Шешімдерді қабылдау және олардың орындалуына жауапкершілік үшін ұжымшылдық;
3.2. Студенттер алдында парламент мүшелерінің өз қызметі туралы мерзімді есептілігі;
3.3. ЖШС "ТАЛАНТ-К" медициналық колледжі әр оқытушының және студенттің пікірі мен қадір-қасиеті, мүдделеріне құрмет;
3.4. Пікірлер еркіндігі.

## 4. Студенттік парламенттің өкілеттіктері

4.1.Студенттік парламент жұмысын келесі бағыттар бойынша ұйымдастырады, үйлестіреді:
- студенттердің оқу қызметі;
- студенттердің ғылыми-зерттеу қызметі;
- студенттердің мәдени-спорттық қызметі;
- студенттердің құқықтары мен мүдделерін қорғау.

4.2.Студенттік парламент студенттердің тікелей мүдделерін қозғайтын әртүрлі деңгейдегі мәселелерді қарауға қатысады.
4.3.Студенттік парламент өз міндеттерін шешу үшін:

- оқу процесін ұйымдастыру және мазмұнын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді;
-студенттердің ғылыми - зерттеу жұмыстары, ғылыми шығармашылықты әр түрлі конкурстарды өткізу және ұйымдастыруға көмектеседі, бастамашылық жасайды;
-студенттердің әлеуметтік мәселелерін шешуге қатысады;
-түрлі нысандарында студенттік бастаманы дамыту құруға жәрдемдеседі,;
-спорттық жарыстар, демалыс кештерін, көрмелер және өзге де іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге қатысады;
-ЖШС "ТАЛАНТ-К" медициналық колледжі студенттердің мүдделерін қозғайтын ішкі тәртіп Ережелерін және басқа да жергілікті нормативтік актілеріне өзгерту және толықтыру бойынша, колледж директорының, колледждің педагогикалық кеңес отырысының күн тәртібіне ұсыныстар енгізеді;
-студенттердің мәселелер бойынша, олардың өміріне байланысты пікірін зерттейді.

## 5. Студенттік парламент қызметін ұйымдастыру және қалыптастыру

5.1.ЖШС "ТАЛАНТ-К" медициналық колледжі студенттер қатарынан студенттік парламент құрамы қалыптасады. Парламент құрамына студенттердің мүдделерін ұсыну және жан-жақты зерделеу, талдау үшін әрбір курс бойынша білім алушылардың 2 өкілі, сондай-ақ бітіретін курста оқитындар санынан 3 кандидаттан енгізіледі. Парламент құрамына өкілдерінің кандидатураларын курстарымен және жастар бірлестіктерімен дауыс беру арқылы таңдалады.
5.2.Парламент Құрамы ЖШС "ТАЛАНТ-К" медициналық колледжі студенттер құрылтай конференциясында ашық дауыспен бекітіледі, егер оған конференцияға қатысушылардың 3/4 дауыс берсе құрамы сайланды деп есептеледі;
5.3.Парламент төрағасы мен оның орынбасары парламент отырысында сайланады. Сайлау ашық дауыс беру арқылы жүргізіледі, парламенті өкілдер 3/4 дауыс берсе тұлға сайланған болып саналады. Кейін он күн ішінде төрағасы хатшысын таңдайды;
5.4.Кеңестің соңғы отырысында қолданыстағы парламент өкілеттігін ұзарту туралы ұсыныстар қаралады, немесе жаңа өкілдері жіберіледі. Сондай-ақ, төраға, төрағаның орынбасары, хатшы өкілеттіліктерін ұзарту туралы мәселе шешіледі немесе қайтадан басқалар сайланады;
5.5. Парламент отырысы бекітілген айына бір реттен кем емес жоспар бойынша өткізіледі;
5.6.Студенттік парламент мүшелерінің 2/3 құрамының оның жұмысына қатысу кезінде бар шешімдерді қабылдауға құқылы. Парламент мүшелерінің отырысында егер оған қатысушыларының 3/4 дауыс берсе, шешім қабылданған болып есептеледі;
5.6. Студенттік парламент төрағасы колледждің педагогикалық кеңес құрамына кіреді.

## Студенттік парламент құрылымы

1. **Студенттік парламент президенті –Чибисов Д.И.**
2. **Студенттік парламент президентінің орынбасары- Борсакова Н.**
3. **«Мәдениет және өнер» фракциясының өкілі- Абдықұл С.**
4. **«Қамқорлық» фракциясының өкілі- Нұралбай А.**
5. **«Дебат және квн» фракциясының өкілі-Төлеубай С.**
6. **«Спорт және салауатты өмір салты» фракциясының өкілі- Чибисов Д.И.**
7. **«Құқық және тәртіп» фракциясының өкілі- Тунгатар А.**
8. **«Ақпарат» фракциясының өкілі- Палымбетова Г.**

## 6. Қорытынды ережелер

6.1. Осы Ереже және ЖШС "ТАЛАНТ-К" медициналық колледжі студенттерінің талқылауынан кейін күшіне енеді, ЖШС "ТАЛАНТ-К" медициналық колледжі студенттерінің құрылтай конференциясы бекітеді.
6.2. Осы ережеге өзгерістер мен толықтырулар да осыған ұқсас тәртіппен жүзеге асырылады.

**«Студенттік парламент» білім алушылардың өзін-өзі басқару ұйымының 2022-2023 оқу жылына арналған**
**ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ**

**«Қамқорлық» фракциясының өкілі Нұралбай Айгерімнің 2022-2023 оқу жылына арналған жоспары**

| № | Атаулары | Форма | Уақыты | Жауаптылар |
|---|---|---|---|---|
| 1. | «Мейірім» қам көңіл балалар клубының жұмысын ұйымдастыру; | Акция | Қыркүйек | Нұралбай А. |
| 2. | «Тәрбие басы - имандылықта!» түрлі дін өкілдерімен кездесу өткізу; | Дөңгелек үстел | Қазан | Нұралбай А. |
| 3. | Желтоқсан-қаңтар айларында соғыс ардагерлерінің отбасыларына көмек көрсету; | Акция<br>концерт | Желтоқсан-қаңтар | Нұралбай А. |
| 4. | Ардагерлердің ауласын қардан тазарту, қысқа отын дайындау шараларын ұйымдастыру; | Әр түрлі | Ақпан | Нұралбай А. |
| 5. | Наурыз айында жетімдер үйіне концерттік бағдарлама өткізу; | акция, концерт | Наурыз | Нұралбай А. |

**«Мәдениет және өнер» фракциясының өкілі Абдықұл Сұлтан 2022-2023 оқу жылына арналған жоспары**

| № | Атаулары | Форма | Уақыты | Жауаптылар |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Ұстаздарға арналған "Ұстаз-ұлы есім"мерекелік іс-шара ұйымдастыру; | қойылымдар сайысы, концерт | қазан | Абдықұл С. |
| 2. | "Қош келдің, студент" дәстүрлі іс-шара; | концерт | қазан | Абдықұл С |
| 3. | Қарттарға қайырымдылық көрсету акциясы; | акция, концерт | қазан | Абдықұл С |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 4. | Тәуелсіздікке арналған мерекелік іс-шараға ат салысу;<br>- Топ – оқытушының көзімен – оқытушылар арасында сауалнама жүргізу «Қош келдің Жаңа жыл!» атты мерекелік іс – шара; | концерт | желтоксан | Абдықұл С |
| 5. | 8 –наурыз халықаралық әйелдер күні мейрамын өткізу; | концерт | наурыз | Абдықұл С |
| 6. | 22-наурыз мерекелік іс-шара өткізу; | концерт | наурыз | Абдықұл С. |
| 7. | 27-наурыз халықаралық театр күніне орай студенттердін актерлық талантарын шыңдау мақсатында қойылымдар сайысы өткізу; | қойылымдар сайысы | Сәуір | Абдықұл С |
| 8. | Халықаралық достық күнін арналған «Бірлік барда тірлік бар» | дөнгелек үстел | Сәуір | Абдықұл С |
| 9. | «Үлкенге құрмет-кішіге ізет» кездесулер өткізу «Оқуды қойған, ойлауды да қояды!» оқушылар арасында пікірталас өткізу; | дөнгелек үстел | Сәуір | Абдықұл С |
| 10. | «Жігіт сұлтаны – 2022» отан қорғаушылар күніне арналған мерекелік іс-шара; | концерт | Мамыр | Абдықұл С |

**«Дебат және квн» фракциясының өкілі Төлеубай Санжар**
**2022-2023 оқу жылына арналған жоспары**

| № | Атаулары | Форма | Уақыты | Жауаптылар |
|---|---|---|---|---|
| 1. | 22 қыркүйек ҚР халықтарының тілдері күні мерекесіне байланысты «Білген жанға өз тілім қуанышым, тірегім» атты акция ұйымдастыру; | Дөңгелек үстел | Қыркүйек | Төлеубай С. |
| 2. | Жаңадан клуб қатарына қабылданған студенттерге арналған «КӨЗҚАРАС: жаңа достық, жаңа | Дөңгелек үстел | қазан | Төлеубай С. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | мүмкіндіктер, жарқын болашақ» атты алғашқы пікірсайыс ойындарын өткізу; | | | |
| 3. | 16 желтоқсан Тәуелсіздік күні қарсаңында «Тәуелсіз елім-тірегім» клубішілік апталығы | Дөңгелек үстел | желтоқсан | Төлеубай С. |
| 4. | ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың халқына арналған жыл сайынғы Жолдауын талқылау (конференция өткізу) | Дөңгелек үстел | наурыз | Төлеубай С. |
| 5. | «ХХІ ғасыр интеллигенциясы» атты сауалнама өткізу | Дөңгелек үстел | Сәуір | Төлеубай С. |

**«Спорт және салауатты өмір салты» фракциясының өкілі Чибисов Дмитрий 2022-2023 оқу жылына арналған жоспары**

| № | Атаулары | Форма | Уақыты | Жауаптылар |
|---|---|---|---|---|
| 1. | «Нашақорлыққа жол жоқ!» атты аудандық мамандармен кездесу өткізу;<br>-Спорт секцияларының жұмысын жандандыру, жалғастыру;<br>- «Ғасыр дертіне айналған ЖҚТБ. Темекі, насыбайдың зияны» топ сағаттарын өткізу. | Дөңгелек үстел | Қыркүйек | Чибисов Д. |
| 2. | «Темекі, насыбайдың зияны» тақырыбында қашықтықтан бейнероликтер дайындау;<br>-ҚР «Шылым шегу туралы» Заңына түсіндірме жұмыстарын жүргізу;<br>-Тұмаудың алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу. | Дөңгелек үстел | Қазан | Чибисов Д. |
| 3. | Шағын футболдан турнир ұйымдастыру; | Турнир | Қазан | Чибисов Д. |
| 4. | «XXI ғасыр жастары есірткі мен СПИД ке қарсы»іс-шаралары. Топ, курс, мамандықтар арасында бейнероликтер байқауларын ұйымдастыру; | Дөңгелек үстел | Желтоқсан | Чибисов Д. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 5. | «Денсаулығын өз қолында!»спорттың қысқы түрлерінен жарыстар өткізу | Дөңгелек үстел<br>Жарыс | Ақпан | Чибисов Д. |
| 6. | «Жасөспірімдер арасындағы суицидтің алдын-алу және білім беру ортасының қауіпсіздігін қамтамасыз етудің тиімді әдістері мен тәсілдері тақырыбында топ сағаттары<br>Колледж оқушыларының арасында волейбол, шахматтан, баскетболдан жарыстар, колледжаралық жарыстарды ұйымдастыру, аудан, облыс, республика көлемінде спорттық жарыстарға қатысу. | Дөңгелек үстел<br>Жарыс | Наурыз | Чибисов Д. |
| 7. | «Тазалықтан тән де, жан да жасарады!» – дөңгелек үстел | Дөңгелек үстел | Сәуір | Чибисов Д. |
| 8. | «Таза ауа – жанға дауа!»табиғатта демалу шараларын ұйымдастыру | Дөңгелек үстел | Мамыр | Чибисов Д. |

**«Ақпарат» фракциясының өкілі Палымбетова Гулбану**
**2022-2023 оқу жылына арналған жоспары**

| № | Атаулары | Форма | Уақыты | Жауаптылар |
|---|---|---|---|---|
| 1. | «Ең үздік шығарма,ең үздік эссе» еркін тақырыпта шығармалар жарысы» | Дөңгелек үстел. | Қыркүйек | Палымбетов Г. |
| 2. | «Қазақстан. 2022 мақсаттары ұлттық іс-қимыл жоспары» бағдарламасын жүзеге асыру барысында «Ұлт денсаулығы – ел қуаты» атты форум өткізу | Форум | Қазан | Палымбетов Г. |
| 3. | Студенттер мен оқытушы құрамымен бірге салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселесіне орай «Елбасы бізге үлгі!» атты пікір сайыс, ақпараттық кездесулер | Дөңгелек үстел | Қараша | Палымбетов Г. |
| 4. | «Жаңа жыл – жаңа өмір бастауы!» жаңа жылдық кешке қатысу | Концерт | Желтоқсан | Палымбетов Г. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 5. | «Тәуелсіздік күніне арналған «Тәуелсіздігім-тұғырым» эссе,өлең» | Концерт | Желтоқсан | Палымбетов Г. |
| 6. | Мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асырудың негізгі бағыттары бойынша жастар арасында ауқымды ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу | Дөңгелек үстел | Ақпан | Палымбетов Г. |
| 7. | Қаланы көгалдандыру мен тазалауға бағытталған сенбілік түріндегі акциялар ұйымдастыру | Қаланы көгалдандыру мен тазалауға бағытталған сенбілік түріндегі акциялар ұйымдастыру | Қаланы көгалдандыру мен тазалауға бағытталған сенбілік түріндегі акциялар ұйымдастыру | Палымбетов Г. |
| 8. | Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы мен сыбайлас жемқорлыққа жағдай жасайтын құқық бұзушылықтар үшін тәртіптік жазаға тарту мерзімі, оның алдын алу туралы белсенді жұмыстар жүргізу; | Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы мен сыбайлас жемқорлыққа жағдай жасайтын құқық бұзушылықтар үшін тәртіптік жазаға тарту мерзімі, оның алдын алу туралы белсенді жұмыстар жүргізу; | Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы мен сыбайлас жемқорлыққа жағдай жасайтын құқық бұзушылықтар үшін тәртіптік жазаға тарту мерзімі, оның алдын алу туралы белсенді жұмыстар жүргізу; | |
| 9. | «Алға ұмтылған Қазақстан!» тақырыбында саяси-әлеуметтік конференция өткізу | Дөңгелек үстел<br>Жарыс | Сәуір | |
| 10. | Оқу топ басшыларымен белсенді жұмыстар жүргізу | Дөңгелек үстел | Мамыр | |

**«Құқық және тәртіп» фракциясының өкілі Тунгатар Арайлым**
**2022-2023 оқу жылына арналған жоспары**

| № | Атаулары | Форма | Уақыты | Жауаптылар |
|---|---|---|---|---|
| 1. | 1 қыркүйек – Білім күніне, Қазақстанның Тәуелсіздігінің 32 жылдығына арналған «Тәуелсіздік жетістіктері» атты дөңгелек үстел | Дөңгелек үстел. | Қыркүйек | Тунгатар А. |
| 2. | ІІБ өкілдерімен әлімжеттіктің (буллингтің) алдын алу мақсатында «Әлімжеттік: әдепсіздік пе, әл де «ӘДЕТ» пе?» тақырыптарында кездесу өткізу; | Дөңгелек үстел. | Қыркүйек | Тунгатар А. |
| 3. | - Ерікті жасақшылар қоғамын жасақтау және жоспарын бекіту;<br>- Қазақстан халқының тілдері күніне орай мерекелік іс-шаралар өткізу, байқаулар мен жарыстарға қатысу;<br>- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресі» және «Әлімжеттікке жол жоқ!», «Біз сыбайлас жемқорлыққа, қоғам мүдделеріне деген сатқындыққа қарсымыз» тақырыптарында «Сенім жәшігін» орнату. | Дөңгелек үстел | Қараша | Тунгатар А. |
| 4. | «Алғашқы әскери дайындық» бағыты бойынша жұмысының жаңа оқу жылына жоспарын құру және іске асыру; | Дөңгелек үстел | Желтоқсан | Тунгатар А. |
| 5. | «Заңды білу – заман талабы» - құқық қорғау өкілдерімен офлайн/онлайн кездесу өткізу;<br>- ІІБ өкілдерімен тығыз байланыста болу, «Ашық есік күнін» өткізу, кәмелеттік жасқа толмағандар жөніндегі инспекторлармен бірігіп, түнгі рейдтерге шығу. | Дөңгелек үстел | Желтоқсан | Тунгатар А. |
| 6. | Колледж студенттерінің арасында «Кәмелеттік | Дөңгелек үстел | Ақпан | Тунгатар А. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | жасқа толмағандардың қылмыстық жауапкершілігі»атты тақырыптардан ІІБ өкілдерімен кездесулер ұйымдастыру; | | | |
| 7. | «Твое «НЕТ Коррупции!» имеет значение» атты жемқорлыққа қарсы акциясы. Әр топта коррупция туралы сауалнама жүргізу; | Акция<br>Дөңгелек үстел | Наурыз | Тунгатар А. |
| 8. | Жыл бойғы жетістік бойынша марапаттау рәсімін ұйымдастыру; | Дөңгелек үстел | Мамыр | Тунгатар А. |

**Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары** **Қазиева А.Қ.**